

Бекітемін  
Батыс Қазақстан инновациялық-  
технологиялық университетінің ректоры

  
Б.Т. Шақешев  
2023 ж.



## ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН ТАҒАЙЫНДАУ,  
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ  
ТУРАЛЫ  
СЖҚ 08. ҚЕ 93**

Редакция № 01

Дана № 7



## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы "Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" мемлекеттік қызметін көрсету туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 286 бұйрығымен бекітілген "Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" мемлекеттік қызметін көрсету туралы Ережеге сәйкес әзірленген және көрсетілетін қызметтің тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) "білім беру гранты – "бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім алушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттармен берілетін нысаналы ақша сомасы;

2) білім беру бағдарламаларының топтары – даярлау бағыттары бейінінің ортақтығымен біріктірілген және белгілі білім беру саласы шеңберінде кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының жиынтығы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі – өтініш қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті қабылдау комиссиясы арқылы (бұдан әрі – БҚИТУ) немесе "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Ережеге қосымшаға сәйкес "Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көзделген құжаттар тізбесін ұсынады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері – БҚИТУ қабылдау комиссиясының хатшысы күнтізбелік жылдың 13 мен 20 шілде аралығында құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

7. Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі



**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН  
ТАҒАЙЫНДАУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ»  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ**

СЖҚ 08. ҚЕ 93  
Өзгерістер: 00  
Бет.: 5 - 12

13. Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызметті көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

15. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

**4. «Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (БҚИТУ қабылдау комиссиясы арқылы) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге және порталға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: 1) 20 тамызға дейін білім беру грантын беру туралы электрондық куәлік беру; 2) күнтізбелік жылдың 1 қыркүйегіне дейін БҚИТУ басшысының стипендия тағайындау туралы бұйрығын қабылдау. Конкурсқа қатысу үшін өтініш, оның ішінде портал арқылы білім беру гранттарын беруге өтініш күнтізбелік жылдың 13-20 шілде аралығында қабылданады.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық / қағаз түрінде



**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН  
ТАҒАЙЫНДАУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ»  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ**

СЖҚ 08. ҚЕ 93  
Өзгерістер: 00  
Бет.: 7 - 12

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>көрсетілетін қызметті берушіге өтініш жасаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) осы Негізгі талаптар тізбесіне қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа өтініш;</li><li>2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);</li><li>3) ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты немесе тестілеудің сертификаты;</li><li>4) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);</li><li>5) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;</li><li>6) екі немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлік немесе қайтыс болу туралы хабарлама немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айрылған не олар шектелген, хабар-ошарсыз кеткен деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі);</li><li>7) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар үшін растама құжат (бар болса);</li><li>8) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін растама құжат (бар болса).</li></ol> <p>Осы 5), 6), 7) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.</p> <p>Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде ЖЖКОБҰ дайындық бөлімдерін күшейтілген тілдік дайындықпен бітірген тұлғалар ЖЖОКБҰ басшысы қол қойған бітіргені туралы транскриптіні ұсынады.</p> <p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және тиісінше мамандық бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар қосымша мына құжаттардың біреуін тапсырады:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) еңбек кітапшасы;</li><li>2) ұйымның мөрімен (егер бар болса) куәландырылған жұмыс берушінің қолы қойылған қызметтік тізім</li></ol>
---	--	--



**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН  
ТАҒАЙЫНДАУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ»  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ**

СЖҚ 08. ҚЕ 93  
Өзгерістер: 00  
Бет.: 9 - 12

	<p>тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.</p> <p>портал арқылы өтініш жасаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы конкурсқа өтініш;</li><li>2) білімі туралы құжаттың электрондық нұсқасы;</li><li>3) 3x4 көлеміндегі сандық фото;</li><li>4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;</li><li>5) дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының электрондық нұсқасы;</li><li>6) көрсетілетін қызметті алушының артықшылықтарын растайтын электрондық құжаттар (екі немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе қайтыс болу туралы хабарлама немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдардың құжаттарын растайтын құжаттар, мүгедектігі туралы анықтамалар, т.б.).</li></ol> <p>Жеке басын куәландыратын, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі құжат, Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпараттық жүйе арқылы алады.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.</p> <p>Өтініш берілгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға "Жеке кабинетте" конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама не бас тарту туралы дәлелді жауап беріледі.</p>
--	---



**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНДЕ «БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН  
ТАҒАЙЫНДАУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ»  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ**

СЖҚ 08. ҚЕ 93  
Өзгерістер: 00  
Бет.: 11 - 12

	әлеуметтік қорғаудың басым бағыттары	студенттерге көмек көрсету және қолдау көрсету. 2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізу. 3) студенттік жатақханалардан орын алуға басым құқық алу. 4) әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету, әлеуметтік және медициналық сүйемелдеу, барлық әлеуметтік осал санаттарға ерікті көмек көрсету.
12	Әлеуметтік қолдау шаралары	1) студенттерге әртүрлі санаттар бойынша оқу ақысына жеңілдіктер оқу жылының басында бекітіледі 2) әртүрлі санаттағы студенттерді әлеуметтік (материалдық) қолдау (оқу жылының басында бекітіледі) Оқу ақысына және жатақханада тұруға жеңілдік алу үшін студент құжаттар ұсынады <ul style="list-style-type: none"><li>• жеке куәліктің көшірмесі;</li><li>• ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәлік (нотариуспен расталған) немесе қамқоршылық және қорғаншылық органдарынан алынған анықтаманың түп нұсқасы (жетім студенттер үшін);</li><li>• ДКК анықтамасы (аурулар бойынша есепте тұрған студенттер);</li><li>• Өтініш берушінің болған жағдайда: отбасында 18 жасқа дейінгі 4 және одан да көп бала бар екендігі көрсетілген отбасының құрамы туралы анықтама (ХҚКО-дан анықтама).</li></ul>
13	Жеңілдіктер беру мөлшері мен тәртібі	Жеңілдіктер мен льготалар алуға құқығы бар адамдардың санаттары, институт тарапынан анықталады. Студенттердің тізімдері, өтініштері және растайтын құжаттары, жеңілдіктерге өтініш беруді қабылдау комиссиясы, институт директорлары университет ректорының атына жазылған жадынамалар арқылы тіркеледі.

## 5. Сілтемелер

1. ҚР "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III заңы;
2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;
3. "Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 286 бұйрығы;
4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;